

Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидаларын, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 236 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 маусымда № 32887 болып тіркелді.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңын 11-бабы 14-5) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесі бекітілсін.

2. осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күштері жойылған деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2023 жылғы 22 маусымдағы
№ 236 бұйрығына
1-қосымша

Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 14-5) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама) – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында жұмысқа өз бетінше орналасу үшін экономиканың басым салаларындағы (экономикалық қызмет түрлеріндегі) сұранысқа ие кәсіптер бойынша біліктілік талаптары және білім деңгейі сәйкес келетін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға берілетін белгіленген нысандағы құжат;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган – халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша функцияларды орындауға облыстардың, республикалық қалалары және астана әкімдіктері уәкілеттік берген мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган);

3) халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі – халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган);

2-тарау. Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту тәртібі

3. Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам (не ол уәкілеттік берген адам) "Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту" көрсетілетін мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) алу үшін "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама беру туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) жібереді, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі) көрсетілген құжаттар қоса беріле отыр.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметте келтірілген.

5. Өтініш беруші құжаттарды берген кезде "электрондық үкіметтің" веб-порталында оның "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

6. Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамның біліктілігіне және білім деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) жергілікті атқарушы орган құрады, Комиссия құрамына жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, білім беру, ішкі істер, индустриалдық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық өкілдері, Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қауымдастықтардың аумақтық өкілдері, сондай-ақ шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін экономиканың басым

салалардың (экономикалық қызмет түрлері) және оларда сұранысқа ие кәсіптердің тізбесінде көзделген салаларға жетекшілік ететін орталық мемлекеттік органдардың аумақтық органдарының өкілдері кіреді.

7. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі бойынша ұсынылған құжаттар сәйкес келген кезде, құжаттар толық ұсынылған жағдайда жергілікті атқарушы органның қызметкері құжаттарды тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды Комиссияның қарауына жібереді.

8. Комиссия шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері мен құжаттарын қарау кезінде олардың "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабы 14-5) тармақшасына сәйкес бекітілетін экономиканың басым салаларында талап етілетін кәсіптерге біліктілігі мен білімін сәйкестігін тексереді.

Анықтама беру туралы өтініш беретін шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның білім деңгейі (кәсіби даярлығы) мен практикалық жұмыс тәжірибесі (өтілі) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 117-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіптік стандарттарға, Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйым басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес біліктілік талаптарына жауап беруге тиіс.

9. Комиссия шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам ұсынған құжаттарды талдаудың, сондай-ақ осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген біліктілік сипаттамалары өлшемшарттарының негізінде бағалау жүргізеді және шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға анықтама беру не осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен одан бас тарту туралы ұсынылымдар береді. Комиссияның шешімі әрбір шетелдік пен азаматтығы жоқ адамға қатысты бөлек қабылданады, хаттамамен ресімделеді және оған отырысқа қатысушы комиссия мүшелері қол қояды.

10. Комиссия шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілік сипаттамаларының өлшемшарттарына сәйкес мынадай балдар есептейді:

1) білімі:

экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптерге сәйкес мамандық бойынша жоғары білімі – 3 балл;

экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптерге сәйкес мамандық бойынша ғылыми дәрежесі – 4 балл;

ағылшын тілін оқыту үшін берілген сертификат – 3 балл.

2) жұмыс өтілі:

экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптерге сәйкес мамандық бойынша жұмыс өтілі:

- 1 жылдан 3 жылға дейін – 2 балл;
- 4 жылдан 10 жылға дейін – 4 балл;
- 11 жылдан жоғары – 6 балл.

11. Комиссия ұсынымының негізінде жергілікті атқарушы орган өтінішті қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтаманы шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

12. Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға анықтама беруден бас тарту мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі бойынша сәйкес жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі "электрондық үкіметтің" веб-порталында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат ретінде жіберіледі.

14. Жергілікті атқарушы орган берген анықтама басқа адамға берілмеуі тиіс және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

15. Анықтама үш айдан аспайтын мерзімге беріледі.

16. Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам анықтама мерзімін ұзарту үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі көзделген құжаттарды ұсынған сәйкестік кезінде жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күні ішінде анықтаманы еңбек шартының қолданылу мерзіміне, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартады.

17. Анықтаманың мерзімін ұзарту үшін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам жұмыс берушімен еңбек шарты жасалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы анықтаманы ұзарту үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі көзделген құжаттарды жолдайды.

18. Анықтаманың қолданылу мерзімі ішінде жұмыс беруші өзгерген кезінде шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам жаңа еңбек шартын жасасқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға жазбаша хабарлама жібереді.

19. Жұмыс беруші ауысқан кезде шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамға анықтама беру осы Қағидалардың 16 және 17-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

20. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген негіздер бойынша еңбек шарты тоқтатылған кезде шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам бес жұмыс күні ішінде ол туралы жергілікті атқарушы органға жазбаша хабарлама ерікті түрде жібереді.

21. Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамның анықтамаға сәйкес келмейтін кәсіп бойынша еңбек қызметін жүзеге асыруы анықтаманы кері қайтарып алуға негіз болып табылады.

22. Бұрын берілген анықтаманы қайта ресімдеу шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі мен сериясы өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам тегі, аты, әкесінің аты, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы өзгерген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы аталған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, анықтаманы қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде анықтаманы жаңа нөмір бере отырып қайта ресімдейді.

23. Анықтаманың қолданысы мынадай:

1) оның берілген мерзімі аяқталған;

2) берілген анықтама кері қайтарылып алынған;

3) Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамның анықтамаға сәйкес келмейтін кәсіп бойынша еңбек қызметін жүзеге асыруы анықталған жағдайларда тоқтатылады.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметін көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

24. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган (лауазымды адам) шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган (лауазымды адам), егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде қаралады.

25. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

26. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі жергілікті атқарушы органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы қаралуға тиіс ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

27. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағымдануға ҚР АӨК 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Өз бетінше жұмысқа орналасуы
үшін шетелдік немесе
азаматтығы жоқ адамға
біліктілігінің сәйкестігі туралы
анықтама беру немесе ұзарту
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(облыстардың, республикалық
қалалары және астананың
әкімдіктері жергілікті
атқарушы органының атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса))

(паспортының (жеке басын
куәландыратын құжатының) №,
берілген күні және берген орган)
Мекенжайы, телефон, факс

Резидент еліндегі мекенжайы,
телефоны

ӨТІНІШ

Мамандығы бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы

анықтама беруді/ұзартуды сұраймын _____

халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген

тізбегі сәйкес (кәсіп, экономика саласы (экономикалық қызмет түрі) көрсетіледі. Жұмыс беруші туралы мәлеметтер (анықтама ұзартылған жағдайда)

(Жұмыс берушінің атауы, жұмыс берушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе жеке

сәйкестендіру нөмірі)

Өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама беру үшін

қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Өтінішке:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

қоса беріледі.

Өтініш берілген күн: 20_жылғы " __ " _____

Өтініш берушінің қолы _____

Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидаларына 2-қосымша

"Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---------------------------------------|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | облыстардың, республикалық қалалары және астананың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік қызметтерді ұсыну жолдары | "Электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Үш айға дейінгі мерзімге анықтама беру - 6 (алты) жұмыс күні ішінде (өтініш тіркелген күннен бастап). Анықтаманы ұзарту – 3 (үш) жұмыс күні ішінде. Анықтаманы қайта ресімдеу - 3 (үш) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық түрде |

| | | |
|---|---|--|
| 5 | Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі | Өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар тізбесі 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждемелі жауап. |
| 6 | Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Жұмыс кестесі | <p>Портал жұмыс қызмет кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (жұмыс күні аяқталғаннан кейін өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары-Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін , түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылған.</p> |
| | | 1. Анықтама беру үшін: өтініш беру тіліндегі, қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы |

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

қамтамасыз етілген, бекітілген нысан бойынша анықтама беру туралы өтініш.

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тану немесе нострификациялау рәсімінен өткен білімі туралы құжаттардың нотариат куәландырған аудармалары (қазақ немесе орыс тілінде) не ағылшын тілін оқыту үшін берілген сертификаттардың нотариат куәландырған аудармалары (қазақ немесе орыс тілінде);

еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі, сондай-ақ оның қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы.

2. Анықтаманың мерзімін ұзарту үшін:

жұмыс берушінің атауын, бизнес-сәйкестендіру нөмірін немесе жеке сәйкестендіру нөмірін қамтитын ол туралы мәліметтер көрсетілген бекітілген нысан бойынша анықтаманы ұзарту жөнінде өтініш тілінде; уәкілетті орган бұрын берген анықтама;

еңбек шартының көшірмесі.

3. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі мен сериясы өзгерген жағдайда анықтаманы қайта ресімдеу үшін: анықтаманы қайта ресімдеуге өтініш;

жеке басын куәландыратын құжаттың тегі, аты, әкесінің аты, нөмірі мен сериясы өзгертілген құжаттың көшірмесі.

1. Басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) тізбесінде көзделген экономиканың басым салаларында

| | | |
|----|--|--|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | <p>(экономикалық қызмет түрлерінде) талап етілетін кәсіптерге қойылатын біліктілік талаптарына және білім деңгейіне қойылатын талаптарға және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды өз бетінше жұмысқа орналастыру үшін оларда талап етілетін кәсіптерге қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>2. Алты балды құрайтын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды бағалау нәтижесінің қол жеткізбеу;</p> <p>3. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда уәкілетті орган немесе Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық нысанда ұсыну ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптар | <p>1. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты бірінғай байланыс орталығы - "1411" арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>2. "Электрондық үкімет" веб-порталы - www.egov.kz, www.elicense.kz арқылы жүгіну үшін көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу үшін жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алуы қажет.</p> |

Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы АНЫҚТАМА

№ _____

20__ жылғы " __ " __

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасында экономиканың басым салаларында сұранысқа ие мынадай

кәсіп бойынша өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін біліктілік талаптарына және білім

деңгейіне сәйкестігі үшін берілді:

Халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін шетелдіктің немесе

азаматтығы жоқ адамдарды өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалар мен оларды талап етілетін кәсіптер тізбесіне сәйкес экономиканың басым салаларында, сұранысқа талап етілетін кәсіп көрсетіледі

Анықтаманы беру үшін негіздеме _____

Анықтаманың қолданылу мерзімі _____ бастап _____ дейін

(күні, айы, жылы) (күні, айы, жылы)

М.О.

(тегі, аты-жөні _____ (қолы) _____)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2023 жылғы 22 маусымдағы
№ 236 бұйрығына
2-қосымша

Шетелдік жұмыскерлердің өз бетінше жұмысқа орналасуы экономиканың басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесі

| № | Экономиканың басым салалары | Экономикалық қызмет түрі | Кәсіптер |
|---|-----------------------------|--------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | 1. Мұғалім – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 6 және 7 - біліктілік деңгейлері (|

| | | | |
|----|------------|---|--|
| 1. | Білім беру | Жалпы орта білім | <p>білім беру ұйымында атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) биология мұғалімі (шет тілін білетін) 2) информатика мұғалімі (шет тілін білетін) 3) қосымша білім беру педагогі (шет тілін білетін) 4) физика мұғалімі (шет тілін білетін) 5) химия мұғалімі (шет тілін білетін) 6) шет тілінің мұғалімі 7) математика мұғалімі (шет тілін білетін) |
| | | Техникалық және кәсіптік орта білім | <p>1. Оқытушы – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 6 және 7 - біліктілік деңгейлері (білім беру ұйымында атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жалпы білім беретін, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы (бейін бойынша) пәндер оқытушысы (шет тілін білетін) 2) шет тілінің оқытушысы |
| | | Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім | <p>1. Оқытушы, ғылыми қызметкер – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 - біліктілік деңгейлері (білім беру ұйымында атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) арнайы пәндер мұғалімі (шет тілін білетін) 2) ғылыми қызметкер (шет тілін білетін) 3) менеджер (ректор, проректор, декан, құрылымдық бөлімшелер басшылары) (шет тілін білетін) 4) шет тілінің оқытушысы |

| | | | |
|----|--|--|---|
| 2. | Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер ұсыну | Денсаулық сақтау саласындағы қызмет | <ol style="list-style-type: none"> 1. Анестезиолог-реаниматолог дәрігер 2. Балалар хирург дәрігері (неонатальдық) 3. Жалпы практика дәрігері 4. Неонатолог дәрігер 5. Онкогематолог дәрігер 6. Онколог дәрігер 7. Патологоанатом дәрігер (оның ішінде цитолог дәрігер) 8. Педиатр дәрігер 9. Психиатр-нарколог дәрігер 10. Физик инженер (медицинадағы) 11. Фтизиатр дәрігер |
| 3. | Жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызметтер ұсыну | Есептеуіш техникамен байланысты қызмет | <ol style="list-style-type: none"> 1. Бағдарламалық өнімдерді қолдау жөніндегі маман (компьютерлік арнайы эффектер жөніндегі маман, электроника және ақпараттық технологиялар жөніндегі маман, анимация және компьютерлік графика жөніндегі маман) 2. Бағдарламашы (компьютерлік), (Бағдарламашы-жасаушы) 3. Дерекқор әкімшісі 4. Жаңа техника мен технологиялар енгізу жөніндегі инженер 5. Жүйелік сәулетші 6. Жүйелік талдаушы |
| 4. | | Демалыс пен ойын-сауықты, мәдениет пен спортты | <ol style="list-style-type: none"> 1. Өртіс 2. Бутафор 3. Жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер (аудио-, бейне-) 4. Дыбысты жазу жөніндегі инженер (Dolby дыбыс жүйелері) 5. Өнертанушы 6. Таспаны сынау және өңдеу жөніндегі инженер (кино-таспаны дайындау жөніндегі инженер) |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | <p>Коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызметтер ұсыну</p> | <p>ұйымдастыру саласындағы қызмет</p> | <p>7. Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 біліктілік деңгейлері бар заңгер, экономист, инженер (ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар: 1) орталық директоры (мұражай-көрме, ғылыми-техникалық шығармашылық)</p> |
| | | <p>Теміржол көлігі қызметі</p> <p>Әуе көлігі қызметі</p> | <p>1. Зауыттағы инспектор-қабылдаушы (теміржол өнімін)</p> <p>1. Авиациядағы инженер-конструктор 2. Авиациялық тасымалдарды (жолаушылар, пошта-жүк, халықаралық) ұйымдастыру жөніндегі диспетчер (ұшуды ұйымдастыру жөніндегі маман) 3. Авиациялық техниканы диагностикалау жөніндегі инженер (авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету, оны жөндеу және диагностикалау жөніндегі инженер-бақылаушы) 4. Авиациялық және радиоэлектрондық жабдық жөніндегі инженер 5. Әуе кемесінің жолаушылар салонын жабдықтау жөніндегі маман 6. Ғарыш аппараттарын баллистикалық қамтамасыз ету жөніндегі маман 7. Ғарыш аппараттарының борт жүйелері жөніндегі маман 8. Өндірістік-диспетчерлік</p> |

| | | | |
|----|---------------------|----------------------|---|
| 5. | Көлік және байланыс | | <p>қызмет диспетчері (әуе кемелерінің ұшуға дайындығын бақылау, тәуліктік ұшу жоспарын қамтамасыз ету, ақпараттық-анықтамалық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі) (авиациялық нормативтер мен жарияланымдарды бақылау жөніндегі маман)</p> <p>9. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі әкімші (ұшу қауіпсіздігі жөніндегі маман)</p> |
| | | Теңіз көлігі қызметі | <p>1. Заңгер, инженер, экономист – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 біліктілік деңгейлері (ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <p>1) порт флотының басшысы</p> <p>2) порт флоты басшысының орынбасары</p> <p>2. Капитан-тәлімгер</p> <p>3. Кеме жасаудағы инженер-конструктор</p> <p>4. Кеме жасаудағы техникалық қызмет көрсету жөніндегі аға инженер</p> <p>5. Механик-тәлімгер</p> <p>6. Суасты-техникалық жұмыстар жөніндегі инженер (теңіз құбырларын салу жөніндегі инженер, теңіз құбырлары жөніндегі маман)</p> <p>7. Супервайзер (теңіз құрылыстары жөніндегі)</p> <p>8. Электр жүйелерінің инженері (теңіз жабдығын басқару)</p> |
| | | | <p>1. Заңгер, инженер, экономист – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және</p> |

| | |
|---|--|
| <p>Металлургия өнеркәсібі мен дайын металл бұйымдары өндірісі</p> | <p>8 біліктілік деңгейлері (ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ұйым директоры (бас директоры, атқарушы директоры, президенті, басқарма төрағасы, басқарушысы) 2) инвесторлармен байланыс жөніндегі директор 3) директордың өндіріс жөніндегі орынбасары (директор, вице-президент) 4) инвесторлармен байланыс жөніндегі менеджер 5) инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім бастығы) |
| <p>Кокс, мұнай өнімдері және ядролық материалдар өндірісі</p> | <p>1. Заңгер, инженер, экономист – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 біліктілік деңгейлері (ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ұйым директоры (бас директоры, атқарушы директоры, президенті, басқарма төрағасы, басқарушысы) 2) инвесторлармен байланыс жөніндегі директор 3) директордың өндіріс жөніндегі орынбасары (директор, вице-президент) 4) инвесторлармен байланыс жөніндегі менеджер 5) инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім бастығы) |
| | <p>1. Заңгер, инженер, экономист – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 біліктілік деңгейлері (</p> |

| | | | |
|----|------------------|--|---|
| | | <p>Сусындар мен темекіні қоса алғанда, тамақ өнімдері өндірісі</p> | <p>ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ұйым директоры (бас директоры, атқарушы директоры, президенті, басқарма төрағасы, басқарушысы) 2) инвесторлармен байланыс жөніндегі директор 3) директордың өндіріс жөніндегі орынбасары (директор, вице-президент) 4) инвесторлармен байланыс жөніндегі менеджер 5) инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім бастығы) |
| | | <p>Химия өнеркәсібі және мұнайгаз-химия</p> | <ol style="list-style-type: none"> 1. Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика жөніндегі инженер 2. Жабдықты жинақтау жөніндегі инженер (газ тасымалдау саласында) 3. Желілік құрылыстар инженері (газ тасымалдау саласындағы) 4. Өндіріс бастығы 5. Сынақтарды ретке келтіру жөніндегі инженер (газ тасымалдау саласындағы) 6. Инженер-технолог 7. Технологияны ретке келтіру, жетілдіру және пайдалану жөніндегі инженер (газ тасымалдау саласындағы) 8. Инженер-химик 9. Инженер-электрик (энергиямен және сумен жабдықтау және электр химиялық қорғаныс) |
| 6. | Өңдеу өнеркәсібі | | <ol style="list-style-type: none"> 1. Бас инженер 2. Еңбекті нормалау жөніндегі инженер 3. Заңгер, инженер, экономист –Ұлттық (|

| | |
|--|--|
| <p>Машина мен жабдықтар өндірісі</p> | <p>салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 біліктілік деңгейлері (ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <p>1) ұйым директоры (бас директоры, атқарушы директоры, президенті, басқарма төрағасы, басқарушысы)</p> <p>2) инвесторлармен байланыс жөніндегі директор</p> <p>3) директордың өндіріс жөніндегі орынбасары (директор, вице-президент)</p> <p>4) инвесторлармен байланыс жөніндегі менеджер</p> <p>5) инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім бастығы)</p> <p>4. Инженер-электрик</p> |
| <p>Электр жабдығы, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісі</p> | <p>1. Бас инженер</p> <p>2. Заңгер, инженер, экономист – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 біліктілік деңгейлері (ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар:</p> <p>1) ұйым директоры (бас директоры, атқарушы директоры, президенті, басқарма төрағасы, басқарушысы)</p> <p>2) инвесторлармен байланыс жөніндегі директор</p> <p>3) директордың өндіріс жөніндегі орынбасары (директор, вице-президент)</p> <p>4) инвесторлармен байланыс жөніндегі менеджер</p> <p>5) инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім бастығы)</p> <p>3. Инженер-технолог</p> |

| | | |
|--|---|--|
| | | 4. Электр энергетикалық жабдықты ретке келтіру және жөндеу жөніндегі инженер |
| | Басқа металл емес минералдық өнімдер өндірісі | 1. Заңгер, инженер, экономист – Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері бойынша 7 және 8 біліктілік деңгейлері (ұйымда қызмет атқару үшін ұсынылатын лауазымдар: 1) ұйым директоры (бас директоры, атқарушы директоры, президенті, басқарма төрағасы, басқарушысы) 2) инвесторлармен байланыс жөніндегі директор 3) директордың өндіріс жөніндегі орынбасары (директор, вице-президент) 4) инвесторлармен байланыс жөніндегі менеджер 5) инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім бастығы) |

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2023 жылғы 22 маусымдағы
№ 236 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидаларын, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 503 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14149 тіркелді).

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 242 бұйрығының Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 4-тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17194 болып тіркелді).

3. "Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидаларын, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 503 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 204 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20785 болып тіркелді).

4. "Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидаларын, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 503 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 537 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21931 болып тіркелді).